

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SSBG3232>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/FSPT2576>

***С. Ғ. Қанапина¹, К. Қ. Есіркепова²,
А. Д. Безаубекова³, А. Х. Бекбосынова⁴**

^{1,2,3,4}А. Байтұрсынұлы атындағы

Қостанай өңірлік университеті,

Қазақстан Республикасы, Қостанай қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1287-4114>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8139-4034>

³ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-0246-6629>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3061-0005>

*e-mail: kanapina.71@mail.ru

ПОЭТИКАЛЫҚ МӘТІНДЕГІ МЕТОНИМИЯЛАРДЫҢ ТІЛДІК ТАБИҒАТЫ

Мақалада тілдің қолданылу аясының кеңдігін танытатын құбылыстың бір түрі болып табылатын метонимиялардың поэзиядағы тілдік табиғаты жәнәкөрк емдік бейнелілігі қарастырылған. Сонымен бірге поэзиядағы метонимиялардың ықшамдылық жәнәе ойды нақты, дәл жеткізу үшін қолданысы көрініс тапқан. Метонимия алмастырып, құбылтып жұмсай отырып, сөздің қуатын таныта түседі. Жалпы, ақындар поэзиясындағы метонимиялардың мағыналық сипаты, поэтикалық тіл мүмкіндігінің кеңдігін танытады. Метонимия көркем әдебиет стилінде тек жеке сөз түрінде ғана емес, тұтас бір орам, тіркес болып та келіп отырады. Мұндай орам түріндегі метонимияның мағынасы да жалпы контекстен аңғарылады. Метонимияның өзіндік осы ерекшеліктеріне байланысты, ол өзге стиль түрлерінің көбінде қолданылмайды. Метонимияның табиғаты, оған тән сипат-ерекшелік көркем әдебиет стилінде ғана жан-жақты, толық көрінеді. Келтірілген өлең жолдарындағы қолданылып отырған сөздер, ой жалғастығын, тіл ұшқырлығын көрсетеді.

Поэтикалық мәтінде ақындар қолданған метонимиялар адамның ішкі әлемімен, қоғамның барлық құбылыстарымен байланыста ашылып, ақын көзқарасымен ұштасып, көркем сойжудің тағы бір ұтымды құралы ретінде ашылған. Метонимия контексте

басқа сөйлемдермен ұштасып, ойды толық жеткізуге, оқырманға түсінікті болуға мүмкіндік береді. Ақындар көркем шығармада метонимияны жиі қолдануға тырысады. Себебі шығарманы әсерлі, мазмұнды етіп тұратын да метонимия.

Кілтті сөздер: Стиль, метонимия, көркем бейне, лингвистикалық, окказионал

Кіріспе

Әрбір суреткер халықтың бай тілдік қорын тиімді түрде пайдаланып, өз мақсатына қолданады. Тілдегі дайын үлгілерге арқа сүйей отырып, соларға ұқсас құрылымдар жасап, ең қажеттісін іріктеп, таңдап алады. Суретшінің метонимияны қолданудағы негізгі мақсаты – ойды көркем әрі бейнелі, әсерлі әрі қызықты, эмоционалды-экспрессивті бояуын қанық етіп жеткізу болып табылады.

Қазақ ғалымдары А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұмалиев, І. Кеңесбаев, Ә. Қайдаров, Р. Сыздық, Ғ. Мұсабаев, К. Аханов, А. Ысқақов, Ә. Қасенов, З. Қабдолов, Р. Барлыбаев, Б. Хасанов, Л. Нұржекеева және тағы басқалары метонимия тақырыбын арнайы зерттеген, ал кейбіреулері өз зерттеу нысандарына қатысты тоқталып, оны ғылыми-лингвистикалық объект ретінде тануға үлес қосқан. Қазақ тіл білімінде метонимияға берілген түсініктер бірыңғай емес. Ең алғаш рет қазақ халқының ірі ғалым-лингвисті, әдебиет зерттеушісі, түрколог А. Байтұрсынұлы метонимияның әдеби шығармалар үшін айрықша мәні бар екендігін атап көрсете келіп, былай түсіндіреді: «Арасында жақындығы бар екі нәрсенің атын ауыстырып, бірінің орнына бірін айту, ондай ауысу алмастыру деп аталады» [1, 448-б.]. Ғалым І. Кеңесбаев: «Бір сөздің орнына екінші бір сөздің ауысу қолданылуынан шығатын іргелес ұғым метонимия деп аталады» – дейді [2, 193-б.].

Академик З. Қабдоловтың тілімен айтсақ: «Метонимия – өзара шектес заттар мен себептес құбылыстардың, өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздердің бірінің орнына бірін қолдану» [3, 280-б.]. Ал Қ. Жұмалиев былай деп анықтама береді: «Не құбылыстың бір жағы, не аттары алынып, өз мағынасында емес, екінші мағынада араларындағы жақындығымен бірінің орнына екіншісі алмастырылып қолданылса және сол құбылысты түгел көрсете алса метонимия дейді» [4, 19-б.].

Метонимия тек жеке ақын-жазушылардың туындыларына байланысты ғана емес, сонымен қатар жалпы тілдік ұғым ретінде де қарастырылады.

Орыс ғалымы Л. И. Тимофеев: «Наряду с другими явлениями словесности художественная литература служит очень важным материалом для лингвистических особенностей языков тех или иных народов, - дей келіп, но со своей стороны литературоведение не может обойтись без знания

особенностей и истории тех языков, на которых эти произведения написаны. Здесь ему на помощь приходит лингвистика» деген пікір айтады [5, 315-6.].

Метонимияның лексикалық-мағыналық ерекшеліктерін, құрылымы мен қалыптасу жолдарын, стильдік қырларын жан-жақты зерттеген ғалым Л. Нұржекеева өзінің «Метонимияның лингвистикалық табиғаты» атты еңбегінде келесідей анықтама береді: «Мәндік, мекендік, мезгілдік, түр-түстік жағынан бір-біріне бүтіндей немесе бөлшектей жақындығы бар екі заттың, я құбылыстың бөлшегі орнына бүтінін алмастырып айтуды метонимия дейміз» [6, 285-6.].

Ауыстыру мағынасында қолданылатын тәсілдің бірі – метонимия. Метафора екі заттың арасында ұқсастық болған жағдайда ауыстырылса, метонимияда екі нәрсенің арасында нақты бір байланыс болады, сондықтан біріншісінің орнына екіншісін қолданады. Тілдің табиғатына тереңірек, үңілсек, метонимияның қолданылу және таралу ауқымы кең екені айқын.

Материалдар мен әдістері

Бұл мақаланың зерттеу нысанына поэтикалық мәтіндегі метонимиялардың тілдік табиғаты, стильдік қолданысы алынды. Зерттеудің эмпирикалық материалы қазақ тіліндегі метонимия құбылысын зерттеген ғалымдардың еңбектері мен поэтикалық мәтіндегі қолданысы ұштаса талданды. Ғылыми мақаланы жазуда теориялық ғылыми сипаттау, талдау, жинақтау, жіктеу, деректер жинау әдістері қолданылды.

Метонимия – әдемі, әсерлі, сонымен қатар көркем сөйлеудің маңызды тәсілдерінің бірі. Әрбір шығармашыл тұлға халықтың бай тілін өз туындыларында барынша тиімді пайдалануға ұмтылады. Өмірдегі түрлі әрекеттер мен өзара байланысты құбылыстардың саны көп болғандықтан, олардың барлығын бір түрге бөліп, жіктеу оңай емес. Осы себепті біз әйел ақындардың поэзиясынан метонимияға мысал келтіріп, оларды салыстырып, белгілі қорытындыға келуді мақсат етіп отырмыз.

Поэтикалық мәтіндерде, яғни ақындар өлеңдерінде кездесетін мысалдардан екі нәрсе бірінің орнына екіншісі алмастырылып (ауыстырылып) қолданғанда өмірдің сан алуан құбылыстарынан орын алатындығы айқын көрінеді.

Жалпы алғанда, метонимия тілге жаңа сөз қоспайды, керісінше, бұрыннан қолданыста жүрген сөздерге жаңа мағына беріп, олардың мағыналық өрісін кеңейтеді.

Ақындардың лирикалық шығармаларында көркемдік құралдар қаншалықты көп қолданылса, метонимия да соғұрлым кеңінен кездеседі. Тілде бұрыннан бар метонимияны поэзия тілінде ойнатып, жаңа қырынан көрсету арқылы ақын қыздар өздерінің ерекше авторлық метонимияларын да жасап шығарады. Бұл авторлық метонимиялар өлең мәтінінде ақын

ойының дәлдігі мен тереңдігін айқындауға қызмет етеді. Осы орайда айта кететін жайт, көркем әдебиетке тән поэтикалық метонимия мен окказионалдық, лингвистикалық метонимия узуалдық (қалыпты) құбылыс болып келеді.

Осылайша, метонимия екіге бөлінеді: біріншісі – көркем әдебиетте кездесетін поэтикалық метонимия, екіншісі – тілдің лексикасында ежелден қалыптасқан лингвистикалық метонимия.

Метонимия – бұл танымдық құбылыс, тек сөйлеу фигурасы ғана емес, мағынаны (семантиканы) ұйымдастыруда, айтылымды шығаруда және түсіндіруде (прагматикада), тіпті грамматикалық құрылымда маңызды рөл атқарады. Сөздің әртүрлі сезімдерін байланыстыратын бірдей метонимиялық принциптер тілдің нақты қолданысында мәтінде мағына құруға қызмет етеді [7, 240-б.].

Сонымен, ақындар өлеңдерінде тілімізде ұзақ уақыт бойы қалыптасып, әбден орнығып, кеңінен қолданылып жүрген лингвистикалық метонимиялар өте көп ұшырасады. Мысал келтіре отырып қарастырайық:

1 Теңіз асау тулайды тасып күнде,

Кейде тынып, толқыны шашып бірде.

Әзіл. Күлкі. Жағалау. Боз денелер,

Қақталған ашық күнге

(«Қыркүйекте теңіздің өзге демі» 42-б, Фариза
Оңғарсынова) [8, 42-б.].

2 Жаңа жылдың бұл кешінде

жарқын жүзді жандар көп,

Дастарқанда дуылдасып

кұрады жұрт салтанат.

(«От ішіндегі гүл», 199-б, Марфуға
Айтхожина) [9, 199-б.].

Таусылады демеймін мен сыбағам,

Тағдырыммен ұзақ сапар сұранам.

Ата-анаңды еске алатын

Бір уақыт,

Көз көргендер болғанына қуанам...

Қыпша белін майыстырып жеңгелер,

Көбелектей қымыз ұйып дөңгелер.

Ақ самайлар, иілемін алдында,

Сыйлап кетем сендік болса менде өнер.

(«Алақандар», 173-б, Марфуға
Айтхожина) [9, 173-б.].

«Тәңір көпір» туралы –
Жай ұқтырып,
Қарттар аңыз айтады асыл сүйек.

(«Шыннан асарда», 73-б, Марфуға Айтхожина) [9, 73-б].

Ақ самайлар, асыл сүйек, көз көргендер көпті көріп, көңіл түйген, қариялар, ақсақалдар мағынасында, яғни өткенсіз бүгін жоқ, қашан да көпті көрген, өмірдің бар қиындығын басынан кешірген көнекөз, ұрпақтың шежіресі болған қариялар тарихта ерекше орын алады. Ақын осы «көне асылдарымызды ұмытпайық» деген үлкен идеяны баса айтып, жалпы адамзатқа жар салады.

1 Ұмыт боп махаббаттың бал айлары,
Кей жанар көз әйнектен қарайды әлі.
Тек қана қатар өскен жігіттердің
Бізге онша байқалмайды самайлары.

(«Сүмбіл», 63-б, Ақұштап Бактыгереева) [10, 63-б].

2 Азайып *ойлы жанар* күй тыңдаған
Көбейіп сөзі майда сиқырлы адам.
Бетінен өзен көлдің естілмейді
Аққу мен қаздың үні қиқулаған.

(«Таптадық желкілдеген құрақ талды».

135-б, Күләш Ахметова) [11, 135-б].

Ақын қыздар өлеңдеріндегі метонимиялар – *әзіл, күлкі, боз денелер, жарқын жүзді жандар, кей жанар, ойлы жанар* өзіндік мағынасы бар лексика-грамматикалық мәні контексте анықталатын алмастырулар. Көпшілігі адам орнына алмастырылып жұмсалған. Адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеттерін көрсететін метонимиялар. Алғашқы шумақта адамның дене мүшесі, адамдардың бір-бірімен жарастығы, көңіл күйі алынса, екінші өлең жолында адамның орнына оның қасиеті ерекшеленіп, өмір осындай жарқын жүзді жандармен қадірлі дегенді айтады. *Кей жанар* – жігіттер орнына жұмсалып, жастық шаққа деген қимас сезімдерін білдіреді. *Ойлы жанар* – білімді, ойлы жандардың, таланттардың азайып, сөзі көп, ісі шала адамдардың көбейгендігін баса айтады. Сөздің қасиетін түсініп қолдануға назар аудартады.

Қазақ тіл білімінде көркем мәтінді зерттеуге көп еңбек сіңірген ғалым Б. Шалабай мәтіндегі сөздердің қолданысы туралы былайша пікір білдіреді: «Лексика мәтіннің мазмұнын дұрыс түсінуге қызмет етеді. Мазмұнды бейнелейтін сөздер кездейсоқ алынбайды. Сөздік қабат мәтіннің тура мағынасын, тікелей мәнін білуге ғана қызмет етпейді, ол мәтіннен туатын түрлі жанама мағыналарды да білдіреді. Көркем туындыда сөз мазмұнды дәл бейнелеуі керек, ол үшін барлық жағымен (мән-мағынасымен, түрімен,

түсімен, айтылу мәнерімен т.т.) қызмет етуге тиіс. Сөздің қолданылу кезеңі, қолданылатын орны, жөн-жосығы болады» [12, 262-6.].

Ақындардың лирикалық шығармаларында халық тіліндегі метонимиялардың мағыналық қырлары әртүрлі түрде көрінеді. Жоғарыдағы мысалдардан ақындардың тілде бар метонимияларды дәл тауып, сөздердің өлеңдегі әсерін айқындап көрсеткені байқалады. Өлең жолдарында қолданылған метонимиялар қарапайым және күрделі түрлерде болады. Жалпы, бұл мысалдардағы метонимиялар «адам» сөзін ерекше мән мен бейнелілікпен байытып тұр.

Нәтижелер және талқылау

Метонимияның қолданыс аясы автордың немесе сөйлеушінің шеберлігі мен тапқырлығына байланысты түрліше өзгеріп отырады.

Әрбір қабілетті ақын немесе жазушы тілді өзінше, өзгеше меңгеруге тырысады. Осы тұрғыдан келгенде әйел-ақындардың сөзді дәл айтып, тауып қолданудағы поэтикалық метонимиялардың салмағы басым көрінеді.

1 Жерге тіреп тас табанын
Мызғымайды көк сұңгі
Үстінен қарап астананың
Батырады кеш күнді

(«Останкино». 178-б, Марфуға Айтхожина) [9, 178-б.].

Марфуға ақын қолданысындағы «көк сұңгі» – бұл алып телемұнаның орнына жұмсалған ауыстыру. Бұл метонимияны контексте ғана ұғуға болады, өте орынды, салмағы бар тілдік жағынан ұтымды қолданылған ауыстыру екендігін байқаймыз.

1 Кеткенмен самғай ұшып қияға асқар,
Санама уақыт елес жия бастар.
Күткендей Ақ жайықтың жағасында
Баяғы үлгілдеген ұяластар.

(«Ақ айдын айырбас боп тас қалаға»,
158-б, Ақұштап Бақтыгереева) [10, 158-б.].

Өлең шумағындағы Ақұштап ақын жұмсаған ауыстыру мағынасындағы, «ұяластар» деп отырғаны ауылдағы он жыл мектеп қабырғасында бірге оқып, оқушылық өмірдің, балалық шақтың қызықты да сырға толы, қуанышты сәттерін бірге өткізген кластас достарын айтады. Соларға деген сағынышынан туындаған өзіндік сөз қолданысы.

1 Бұл күн мен келер күн қандай,
Ойламау оны және ауыр.
Кетті-ау деп мені тұрғанда
Булыға жылап самауыр.

(«Қимастық», 47-б, Күләш Ахметова) [11, 47-б.].

Күләш акын қолданысындағы өзіндік «самауыр» метонимиясы затты емес, осы самауыр сөзін пайдалану арқылы қыз баланың жат жұрттық екендігі, өз отбасынан ұзатылып, ата-анасының кимастық сезімі, жалпы үй ішінің көңіл күйін ауыс мағынада өте ұтымды, мағыналы, әсерлі, ерекше тілдік құрал негізінде жұмсаған.

Акындар өз өлеңдерінде алмастыруды ойды эмоциялы-экспрессивті жеткізу тәсілі ретінде тиімді жұмсағандығы байқалады. Адамның ішкі әлемімен, қоғамның барлық құбылыстарымен байланыста суреттелген метонимиялар акындардың әрқайсысының көзқарасымен ұштасып жатыр.

1 Түңілгенде тіреліп тас қамалға,
Адастырмай арманың бастар алға.
Пасық ниет біреуден қалған көңіл
Күдіктенгіш сондай деп басқалар да.

(«Тағдыр», 86-б, Фариза Оңғарсынова) [8, 86-б.].

2 Көрдім мен, жаны жалтаң күншілдерді,
Күлкінді емес, тілейтін күрсінгенді.

(«Көрдім мен», 16-б, Марфуға Айтхожина) [9, 16-б.].

Біреулердің түнерген қабағы
Бауырларын танымай сызданады.
Келімсектер таптаған кең мекенді,
Кей ақымақ қандастан қызғанады.

(«Ересектер мен сәбилер»,

96-б, Ақұштап Бақтыгереева) [10, 96-б.].

3 *Елгезекті, пысықты, шәнигенді*

Осы жерден көресің әрине, енді.

Жолыққанмен жақсыға, орташаға,

Ортасынан көрмедім сәбилерді.

(«Дүние кезек», 80-б, Күләш Ахметова) [11, 80-б.].

Алатау, Қаратаудан сыр аңғардым,

Қалдырған қазынаңды,

Мұранды алдым.

Мәстек пен *жабыларды* есіртпеген

Даласы қырандар мен құландардың.

(«Көңіл», 17-б, Күләш Ахметова) [11, 17-б.].

Жоғарыда келтірілген мысалдарда акындар айтайын деген ойын нақты, бейнелі, астарлы мәні бар сөздермен алмастырып жеткізген. Сөздерді өз мағынасында дәл қолданып, үлкен шеберлік пен тапқырлық танытқан.

Фаризадағы *пасық ниет біреу, жарқын жүздер; Марфуға жұмсаған жаны жалтаң күншілдер, ойсыз, мұңсыз жандар; Ақұштап қолданған келімсектер, мысықша келіп мақтанғандар; Күләштағы шулы*

тобыр, ерсі орта, елгезек, шәниген, пысық, мәстек пен жабы осы тәрізді алмастыру түрінде келген метонимиялары – ащы сарказмды, кекесін-мысқылды, өткір тілмен айтылған, ойлы мағыналы жұмсалған сөздер.

Академик Р.Сыздық «Көркем әдебиет, оның ішінде поэзия-өнер дүниесі. Ал бұл дүние әсемдік, үйлесімдік, көркемдік деген сипаттарымен өнер аталады. Сондықтан да «өнер» деген жерде «көркем» деген анықтама сөз қоса жүреді. Көркемдік-кең ұғым. Әсіресе поэзия әлеміне келгенде, ол тек «сыртқы сұлулықтың» көрінуі емес, яғни өлең қызыл сөздің жиынтығы емес, ең алдымен, ғылым тілімен айтсақ, мазмұн мен түрдің сәйкестенуі, түсіндіре айтсақ, ақынның білдірмек ойына (поэтикалық идеясына) оны беретін тілінің сай келуі», – дейді [13, 85-б.].

Шындық өмірдің әртүрлі құбылысы жалаң нәрсе емес, бір-бірімен байланысып ұштасып жатады. Әйел ақындар өлең жолдарында метонимияларды қолдану арқылы адамдардың іс-әрекеттерін, мінез-құлықтарын, өмірдің жағымсыз жақтарын әшкерелеп, астарлы мағынада берген.

Біріншіден, қоғамдағы адамдардың қарым-қатынасының өзгеруін, бір-біріне қаталдығы, білімді, өнерлі адамдардың бағаланбауы, ақылды шын жүйріктердің азайып, білім мен өнерге деген көзқарастың төмен дәрежеде екендігін, адамдардың рухани, әлеуметтік жағынан құлдырауын ұқтырады.

Екіншіден, керісінше оның орнына білімсіз, талантсыз адамдардың іс-әрекеттерін, бір-біріне деген сенімсіздігін, шын мәніндегі өмірде өз бағасын алатын талантты адамдардың орнына, небір арзанқол пысықтардың қаптап жол бермей жүргендігін, ізгілік пен жақсылықтың көш соңында қалып бара жатқандығын қабырғалары қайыса, күйзеліспен астарлы түрде жеткізген. Ақындар өз өлеңдерінде «Ақиқат ауылынан» алшақта өмір сүріп жатқан, елдің мазасын алатын, екі жүзді адамдардың қоғамдағы іс-әрекетін суреттей отырып, метонимияларды қолдану арқылы тұтас типтік бейне жасап, ащы да болса, өткір шындықты айта білген. Олар қай тақырыпты алмасын, жырламасын, олардың айтайын деген ойы, ішкі жан дүниесіндегі өзгерістер, толғаныстары барлық жағынан бір-бірімен ұқсастықта үндесіп жатыр, сол себепті де өмірдегі болып жатқан кез келген құбылыстардың барлығы да оларды жай қалдырмайтыны белгілі және оны барлық өлеңдерінен, тілдік сөз саптауларынан байқауға болады. Өлең шумақтарындағы астарлы ойлы жұмсалған алмастырулар мағынасына сай, дұрыс қолданылып, контексте эмоциялық қасиетке ие болып, түсінікті мәнде берілгендігін байқаймыз. Мағыналы, әсерлі сөздерден жасалған метонимиялар, ақындардың ащы сарказмды, кекесін, мысқылды жеткізуде тіл байлығы, сөзді пайдалану стилінің ерекшелігі үлкен рөл атқарып, сөздің мәні мен мағынасын, әсерін күшейтіп тұрғандығын көрсетеді.

Қорытынды

Қазақ халқы астарлап сөйлеуге айрықша мән бергендіктен, ондай мағынаны білдіретін метонимиялардың тілімізде жиі қолданылуы заңды нәрсе.

Жоғарыдағы келтірілген метонимиялардың грамматикалық құрылымы, дыбыстық үйлесімі де өз алдына мағыналы сәйкестік тауып тұрғанын байқадық. Сондықтан бұл метонимиялардың өлең мәтінін түзудегі орны ерекше. Әр сөз өзінің орнын тауып, әсерлі, мәнерлі жұмсалған. Метонимиялар арқылы сөздердің ауыс мағынада берілуімен қатар, олардың көркемденіп кетуі поэзия үшін де, ақын үшін де қажеттілік болып табылады.

Ақындар шығармаларын талдай отырып, метонимияның жай ғана мағына ауыстыру құралы емес, ойды жеткізудің ерекше тілдік тәсілі екеніне көз жеткіздік.

Қарастырылған ақындардың туындыларында метонимиялар молынан ұшырасады. Себебі метонимия өзінің сөйлеу тіліндегі икемділігімен ерекшеленеді. Сондықтан поэзияда бұл стиль басым келуі, ақындардың өлеңдерінде жиі кездесуі – заңды құбылыс.

Жоғарыда келтірілген өлең жолдарындағы метонимиялардың барлығы экспрессивті, эмоционалды және ерекше реңкті болып табылады деп айтуға толық негіз бар. Жалпы алғанда, метонимия поэзияның маңызды көрсеткіштерінің бірі болып саналады. Ақындар бейнелі сөздерді оймен ұштастырып, алмастыру арқылы шығармаларына тереңдік береді. Тіл жүйесінде метонимиялардың молдығы, олардың кеңінен қолданылуы және ойды әсерлі жеткізудегі шеберлігі ақындардың поэзиясынан айқын көрініс табады.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Байтұрсынов, А.** Шығармалар [Мәтін]. – Алматы, 1989. – 448-б.
- 2 **Кеңесбаев, І., Мұсабаев, Ғ.** Қазіргі қазақ тілі [Мәтін]. – Алматы, 1977. – 236-б.
- 3 **Қабдолов, З.** Сөз өнері [Мәтін]. – Алматы : Мектеп, 1992. – 214-б.
- 4 **Жұмалиев, Қ.** Стиль-өнер ерекшелігі [Мәтін]. – Алматы, 1966. – 215-б.
- 5 **Тимофеев, Л. И.** Основы теории литературы [Текст]. – М., 1971. – 315-б.
- 6 **Нұржекеева, Л.** Метонимияның лингвистикалық табиғаты [Мәтін]. – Алматы : Қазақ университеті, 1992. – 80-б.
- 7 **Dirk Geeraerts, Hubert Cuyckens.** The Oxford handbook of Cognitive Linguistics [Text]. – Oxford University Press, 2010. – 1368 p.

8 **Оңғарсынова, Ф.** Екі томдық : Таңдамалы шығармалары [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1987. – 86-б.

9 **Айтхожина, М.** Таңдамалы : өлеңдер, поэмалар [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1986. – 16-б.

10 **Бақтыгереева, А.** Ақ шағала [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1982. – 9-б.

11 **Ахметова, К.** Арғымақтар даласы [Мәтін]. – Өлеңдер. – Алматы : Жалын, 1987. – 80-б.

12 **Шалабай, Б.** Қазақ тіл білімінің мәселелері [Мәтін]. – Алматы : «Арда», 2016. – 488-б.

13 **Сыздықова, Р.** Абайдың сөз өрнегі. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы : «Ел-шежіре», 2014. – 580-б.

References

- 1 **Bartursynov, A.** Shyǵarmalar [Essays] [Text]. – Almaty, 1989. – 448 p.
- 2 **Keñesbaev, I., Musabaev, G.** Qazirgi qazaq tili [Modern Kazakh language] [Text]. – Almaty, 1977. – 236 p.
- 3 **Qabdolov, Z.** Sóz Óneri [The Art of the Word] [Text]. – Almaty : school, 1992. – 214 p.
- 4 **Jumaliyev, Q.** Stil-bul ónerdiń erekshelegi [Style is the specificity of art] [Text]. – Almaty, 1966. – 215 p.
- 5 **Timofeev, L. I.** Ádebiyet teoriasynyń negizderi [Fundamentals of literary theory] [Text]. – M., 1971. – 315 p.
- 6 **Nurjekeeva, L.** Metonymiyanıń lingvistikalyq tabıǵaty [The linguistic nature of metonymy] [Text]. – Almaty. Kazakh University, 1992. – 80 p.
- 7 **Dirk Geeraerts, Hubert Cuyckens.** The Oxford Handbook of Cognitive Linguistics [Text]. – Oxford University Press, 2010. – 1368 p.
- 8 **Ońǵarsynova, F.** Eki tomdyq : Tańdamaly shyǵarmalary [Two tomboys: selected works] [Text]. – Almaty : Jazýshy, 1987. – 86 p.
- 9 **Authojina, M.** Tańdamaly: óleńder, poemalar [Selected: verses, poems] [Text]. – Almaty : writer, 1986. – 16 p.
- 10 **Baqtygerееva, A.** Aq shaǵala [The white gull] [Text]. – Almaty : Jazýshy, 1982. -96p.
- 11 **Ahmetova, K.** Arǵymaqtar dalasy [Argymak's steppe] [Text]. – Almaty : Jazyshy, 1987. – 80 p.
- 12 **Shalabai, B.** Qazaq til biliminiń máseleleri [Problems of Kazakh language] [Text]. – Almaty : «Arda», 2016. – 488 p.
- 13 **Syzdyqova, R.** Abaıdyń sóz órnegi. Kóptomdyq shyǵarmalar jınaǵy [Abai's word expression. Collection of multi-volume works] – Almaty : «El-shejire», 2014. – 580 p.

10.05.24 ж. баспаға түсті.

03.04.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.08.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*С. Г. Канапина¹, К. К. Есиркепова²,
А. Д. Безаубекова³, А. Х. Бекбосынова⁴

^{1,2,3,4}Костанайский региональный
университет имени А. Байтұрсынұлы,
Республика Казахстан, г. Костанай.

Поступило в редакцию 10.05.24.

Поступило с исправлениями 03.04.25.

Принято в печать 25.08.25.

ЯЗЫКОВАЯ ПРИРОДА МЕТОНИМИЙ В ПОЭТИЧЕСКОМ ТЕКСТЕ

В статье рассматривается языковая природа и художественная репрезентация в поэзии метонимий, являющихся одним из видов явления, проявляющего широту применения языка. В то же время использование метонимий в поэзии для лаконичности и четкой, точной передачи мысли проявляется в выражении силы слова. Метонимия показывает силу слова, замещая и изменяя его. В целом семантический характер метонимий в поэзии поэтов отражает широту возможностей поэтического языка. Метонимия в стиле художественной литературы представляет собой не только отдельное слово, но и целое словосочетание. Значение метонимии в виде такого словосочетания также определяется общим контекстом. Именно из-за этих особенностей метонимии она не используется в большинстве других типов стилей. Природа метонимии, характерная для нее специфика проявляются в полной мере, только в стиле художественной литературы. Слова, употребляемые в цитируемых стихах, свидетельствуют о продолжении мысли, остроте языка.

Метонимии, используемые поэтами в поэтическом тексте, раскрываются в контакте с внутренним миром человека, со всеми явлениями общества, переплетаются с видением поэта и раскрываются как еще одно рациональное средство художественной речи. Метонимия в сочетании с другими предложениями в контексте позволяет полностью передать мысль, сделать ее понятной читателю. Поэты часто пытаются использовать метонимию

в художественной литературе. Потому, что метонимия делает произведение впечатляющим и значимым.

Ключевые слова: Стиль, метонимия, художественный образ, лингвистический, окказиональный.

*S. G. Kanapina¹, K. K. Esirkepova²,
A. D. Bezaubekova³, A. Kh. Bekbossynova⁴

^{1,2,3,4}Kostanay Regional University

named after A. Baitursynuly,

Republic of Kazakhstan, Kostanay.

Received 10.05.24.

Received in revised form 03.04.25.

Accepted for publication 25.08.25.

THE LINGUISTIC NATURE OF METONYMY IN A POETIC TEXT

The article examines the linguistic nature and artistic representation in poetry of metonymies, which are one of the types of phenomena that show the breadth of language application. At the same time, the use of metonymy in poetry for conciseness and clear, accurate transmission of thought is manifested in the expression of the power of the word. Metonymy shows the power of a word by substituting and changing it. In general, the semantic nature of metonymy in the poetry of poets reflects the breadth of possibilities of poetic language. Metonymy in the style of fiction is not only a single word, but also a whole phrase. The meaning of metonymy in the form of such a phrase is also determined by the general context. It is precisely because of these features of metonymy that it is not used in most other types of styles. The nature of metonymy and its characteristic specificity are fully manifested only in the style of fiction. The words used in the quoted verses testify to the continuation of thought, the sharpness of language.

The metonymies used by poets in a poetic text are revealed in contact with the inner world of a person, with all the phenomena of society, intertwined with the poet's vision and revealed as another rational means of artistic speech. Metonymy in combination with other sentences in the context allows you to fully convey the idea, make it understandable to the reader. Poets often try to use metonymy in fiction. Because metonymy makes a work impressive and meaningful.

Keywords: Style, metonymy, artistic image, linguistic, occasional.

Теруге 25.08.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,18 МБ RAM

Шартты баспа табағы 31,59. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4438

Сдано в набор 25.08.2025 г. Подписано в печать 30.09.2025 г.

Электронное издание

5,18 МБ RAM

Усл. печ. л. 31,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4438

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz